

**Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
ZOOM

№ 6

2024 жылғы 19 маусым
сағат 12.00

Төрағалық етті: А.Ж. Бикебаев

Қатысқандар: *тізім бойынша*

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына ұсыныстарды талқылау

1.1. Бәсекелестікті құқықтық реттеу департаменті директорының орынбасары Р.Е. Пасечконың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына (*бұдан әрі - заң жобасы*) ақпараты назарға алынсын.

1.2. Агенттіктің Қоғамдық кеңесінің мүшелері Н.В. Радостовецтің, Р.Н. Ахметовтің, Т.А. Одиловтың, А.Ж. Бикебаевтың, А. Б. Исаковтың экономикалық шоғырлану мәселелеріне қатысты түсіндірмелері назарға алынсын, сонымен бірге Р.Н. Ахметов айтқан негіздеу экономикалық шоғырлану деп тану үшін шекті мәнді 50%-дан 25%-ға дейін төмендетудің негіздемесі монополияға қарсы заңнаманың, Агенттік қызметінің нысанасы болып табылмайтыны және мұндай тәуекелдерді экономикалық шоғырлану шеңберінде қарау осындай қатерлерді «айналып өтуге» жәрдемдесетіні туралы Т.А. Одиловтың түсіндірмесін назарға алынсын, аталған тәуекелдері формалды өлшемшарттарға бағынбауы тиіс және ҚР өзге де қызметтері қызметінің нысанасы болып табылады.

1.3. А.Ж. Бикебаевтың, А.С. Апиевтің, Р.Н. Ахметовтің, В.Н. Микрюковтың, А.Т. Айтжановтың хабарлау құралына қатысты түсіндірмелері назарға алынсын.

1.4. Заң жобасына енгізу үшін Агенттікке мынадай ұсынымдар жіберілсін:

- егер Агенттік бизнеске жүктемені төмендететін ымыралы шешім (*хабарлама тәртібі немесе т.б.*) ұсынса ғана Заң жобасының 77-тармағымен келісу (*экономикалық шоғырлану деп тану үшін шекті мәнді 50%-дан 25%-ға дейін төмендету бөлігінде*);

- Агенттіктің жазаны бұлтартпаушылық қағидатын (*құқық бұзушылық түрлері, бизнес санаттары және нарықта шоғырлану дәрежесі бойынша сегменттеу*) іске асыруын, сондай-ақ монополияға қарсы органның мәртебесін күшейту қажеттілігін ескере отырып монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтар анықталған кезде жіберілетін хабарламалар институтын (*ҚР КК-нің 199-бабы*) қайта қарау.

2. Қазақстан Республикасындағы цифрлық тауар нарықтарында, оның ішінде мобильді құрылғылардағы іздеу сервистері саласында бәсекелестікті күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ осы саланың ерекшелігін ескере отырып талдау жүргізу әдістемесін жетілдіру мәселелері

2.1. Қаржы нарықтары департаменті директорының орынбасары А.Ж. Сүйіндіковтың Google LLC, Google Ireland Limited және Google Commerce Limited компанияларына қатысты ақпараты назарға алынсын.

2.2. Агенттіктің Қоғамдық кеңесінің мүшесі Н.В. Радостовецтің цифрлық кодекс жобасына ұсыныстар жіберу қажеттілігіне қатысты түсіндірмелері назарға алынсын.

2.3. А. Ж. Бикебаевтың түсіндірмелерін ескере отырып, Агенттікке үстемдік етуші субъектілер пайда болған, нарық үлесі жоғары, оның ішінде медицина, білім беру, құжат айналымы саласындағы цифрлық тауар нарықтарына талдау жүргізу және талдауды ескере отырып, монополияға қарсы заңнаманы бұзу тұрғысынан тергеп-тексеру жүргізу ұсынылсын.

2.4. А.Ж. Бикебаевтың, О.А. Жандосовтың түсіндірмелерін ескере отырып, Агенттікке қызметін цифрлық нарықтарда жүзеге асыратын квазимемлекеттік компаниялардың қызметін монополияға қарсы заңнаманы бұзу тұрғысынан талдау ұсынылсын.

3. Мемлекеттік сатып алу, квазимемлекеттік сектордың сатып алу жүйесін жетілдіру

3.1. Индустрия, мемлекеттік қолдау және сатып алу департаментінің директоры А.Д. Тюлюбековтың авторландырылған хаттарға, штат санының жеткіліксіздігі есебінен техникалық қадағалауды жүзеге асыратын компанияларды жосықсыз үнемдеу мәселесіне, инжинирингтік қызметтер көрсетудің қате тәжірибесін ұсынатын компаниялардың жосықсыз бәсекелестігіне, сондай-ақ ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу шартында бастапқыда мәлімдеген бағадан бірнеше есе төмен бағамен техникалық қарап-тексеру қызметтерін сатып алуды дұрыс жүргізбеу мәселесіне қатысты ақпараты назарға алынсын.

3.2. А.К. Жалкеевтің түсіндірмелерін ескере отырып, Агенттікке егер сатып алу нысанасы тауарды жеткізу немесе лицензияны ұзарту болып табылмаса, авторландырылған хаттардың талаптарына заң/заңға тәуелді актілер деңгейінде тыйым салу ұсынылсын.

3.3. Агенттікке монополияға қарсы заңнаманы бұзу белгілерінің болуы тұрғысынан мемлекеттік сатып алу қағидаларының нормаларын талдау, сондай-ақ Агенттіктің аумақтық бөлімшелерінің тиісті тексеру және бақылау іс-шараларын өткізуге бастамашылық жасау ұсынылсын.

Төраға



А. Бикебаев